



# 10 ДӘРІС

---

**Халықаралық және аймақтық  
стандарттау. Халықаралық  
стандарттау ұйымы (ИСО)**

# Халықаралық стандарттау ұйымы

---

- Халықаралық стандарттау ұйымы 25 мемлекеттің ұлттық стандарттау ұйымдарының қолдауымен 1946ж. Лондонда ООН шешімімен құрылды, іс жүзінде жұмысы 1947 ж. басталды
- ИСО іс-әрекеті электротехника және электроника саласынан басқа саланың бәрін қамтиды. Электротехника және электроника саласы Халықаралық электротехникалық комиссия (МЭК) құзырлығында

# ИСО ҚҰРЫЛЫМЫ

---

ИСО-ның басшы және жұмыс органдары:  
Бас ассамблея (жоғарғы орган),

- Кеңес,
- Техникалық басқару бюросы
- Жұмыс органдары – техникалық комитеттер (ТК), бағынушы комитеттер (ПК), техникалық кеңесші топтар (ТКГ)

# ИСО Кеңесі

---

ИСО Кеңесіне 7 комитет бағынады:

- ПЛАКО (техникалық бюро),
- СТАКО (стандарттаудың ғылыми принциптерін зерделеу комитеті);
- КАСКО (сәйкестікті бағалау комитеті);
- ИНФКО (ғылыми-техникалық ақпараттар комитеті);
- ДЕВКО (дамып келе жатқан елдерге көмек көрсету комитеті);
- КОПОЛКО (тұтынушылар мүддесін қорғаушы комитет);
- РЕМКО (стандарт үлгілер комитеті).

# Халықаралық электротехникалық КОМИССИЯ

---

- Халықаралық электротехникалық комиссия 1906г. 13 мемлекет қатысқан халықаралық конференцияда құрылды
- МЭК электротехника, электроника, радио байланыс, прибор жасау саласындағы стандарттаумен айналысады
- МЭК ресми тілдері – ағылшын, француз және орыс

# Халықаралық МЭК стандарттары

---

- Халықаралық МЭК стандарттарын екі түрге бөлуге болады:
- - салааралық сипаттамадағы жалпы техникалық -терминдер, стандартты кернеу мен жиілік, түрлі сынақ түрлеріне және т.б. жасалған нормативтік құжаттар жатады;
- нақты өнімге қойылатын техникалық талаптары бар стандарттар -тұрмыстық техникадан бастап байланыс спутниктерін қамтитын кең ауқымды стандарттар жатады.

# МЭК стандарттау негізгі объектілері:

---

- электротехникалық өнеркәсіп материалдары (сұйық, қатты газ диэлектриктері, мыс, алюминий, олардың қорытпалары, магниттік материалдар);
- өндірістік электротехникалық жабдықтар (пісіру аппараттары, двигателдер, жарық техникалық жабдықтары, реле, төмен вольтты аппараттар, кабель және т.б.);

## МЭК стандарттау негізгі объектілері

---

- электроэнергетикалық жабдықтар (бу және гидравликалық турбиналар, электрберу сымдары, генераторлар, трансформаторлар);
- электрондық өнеркәсіп бұйымдары (интегралдық сұлбалар, микропроцессорлар, баспа платалары және т.б.);
- тұрмыстық және өндірістік электрондық жабдықтар;
- электр құралдары;
- байланыс спутник жабдықтары;
- терминдер.



# Европалық экономикалық ООН комиссиясы (ЕЭК)

---

- 1947 ж. соғыс зардабынан жапа шеккен мемлекеттерге көмек ретінде уақытша ұйым болып құрылған
- 1951 ж. ЭКОСОС ООН анықталмаған уақыт аралығына ООН шегінде мемлекетаралық экономикалық қатынасты дамыту бағытын негізге алып, ЕЭК өкілдігін қабылдайды
- ЕЭК ООН стандарттау саласындағы негізгі мақсаты өкімет деңгейінде стандарттау саясатының негізгі бағыты және осы саладағы басты мәселелерді анықтау

# ООН азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО)

---

- 1945ж. ООН арнайы үкіметаралық ұйымы ретінде құрылды
- Мүшелігінде 160 мемлекет бар
- Уставқа сәйкес ұйым мақсаты – халық өмірі мен азығы деңгейін көтеру, өндіріс тиімділігін арттыру, азық-түлік және ауылшаруашылық өнімдерін бөлу, ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға, жалпы әлем экономикасын дамытуға ат салысу.

# Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ)

---

- ООН Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің ұсынысы бойынша 1948 ж. құрылды
- ООН-ның арнайы мекемесі болып келеді
- ВОЗ Уставына сәйкес ұйым мақсаты – барлық халықтың денсаулық деңгейі жоғары болуы ( толық физикалық, жан-дүниелік және әлеуметтік жағдайы)
- ВОЗ 1977 ж. 2020 жылға жалпы халық саулығына қол жеткізу стратегиясын алдыға қойып отыр
- ВОЗ мүшелігінде 180 мемлекет, оның ішінде Қазақстанда бар

# «Кодекс Алиментариус» комиссиясы

---

Тамақ өнеркәсібінде стандарттарды жасау бойынша «Кодекс Алиментариус» комиссиясы ФАО және ВОЗ азық-түлік тауарларына халықаралық стандарттар жасау бойынша бірлескен бағдарламаларды құруды көздейді

- Комиссия жұмысы ФАО комитеттері қабылдаған ұсыныстарға негізделген
- ФАО/ВОЗ бағдарламаларына 130 мүше – мемлекет қатысады.
- Комиссияның негізгі мәселесі – негізгі тамақ стандарттары бойынша халықаралық келісім және осы стандарттарды ұлттық стандарттау жүйелерімен қабылдау.
- Тамақ стандарттарының негізгі жақтары: құрамы, қосындылары, ластаушылар, минералдық тыңайтқыштардың қалдықтары, гигиена, сынама алу, талдау, этикеттеу.

# Стандарттау бойынша Европалық КОМИТЕТ

---


- Стандарттау бойынша Европалық комитет (1970 ж. дейін – стандарттарды бағдарлау Европалық комитеті) 1961 ж. бері бар. СЕН мүшелігінде 18 европалық мемлекеттердің ұлттық стандарттау ұйымдары бар
- Бұл жабық ұйым, 1992 ж. дейін бұған тек ЕС және ЕАСТ мүшелері ғана кіретін.
- СЕН Бас ассамблеясының шешімімен мүшеліктің жаңа категориясы енгізілді – ассоциативтік мүшелік
- Ассоциативті мүшесі - статусы ұлттық немесе европалық заңнамамен анықталатын СЕН мүше-мемлекеттерінің кез келген қоғамдық, ғылыми, экономикалық немесе басқа ұйымдары бола алады
- Ассоциативтік мүшелер СЕН мақсаттарына жетуге ат салысуы қажет, стандарт жобаларын талқылауға қатыса алады, бірақ дауыс беру құқы жоқ

# СЕН негізгі мақсаты

---

- Үкіметаралық ұйымдар және ЕС, ЕАСТ өздерінің директиваларында сілтеме жасауға болатын, тауар саудасы мен қызмет көрсетуді дамытуда европалық стандарттарды (евронорма, EN);
- ИСО, МЭК халықаралық стандарттарын мүше-мемлекеттерде біркәнді пайдалануды қамтамасыз ету;
- Стандарттаумен айналысатын аймақтық ұйымдармен жұмыс жасау;
- Европалық стандарттарға (евронормаларға) сәйкестігін бағалау қызметтерін көрсету

- 
- СЕН авиация жабдықтары, газбен су жылыту аспаптары, газ балондары, көтеру механизмдеріне жинақтау тетіктері, газ пештері, пісіру, кесу, трубалар мен өткізу трубалары, насостық станция және т.с.с. салаларына европалық стандарттарды жасайды.

- 
- 
- СЕН бас органы – Бас ассамблея, онда ЕС және ЕАСТ мүше – мемлекеттері өкіметтік органдары, ұлттық стандарттау ұйымдары және ассоциативтік ұйымдар
  - Бас ассамблея келесі функцияларды орындайтын Әкімшілік кеңесін сайлайды:
  - европалық стандарттарды жасауда халықаралық стандарттар мен мүше-мемлекет ұлттық стандарттарын қолдану ережелері мен тәсілдерін тағайындайды;
  - ұлттық немесе халықаралық нормативтік құжаттарды европалық стандарт санатында тікелей пайдалану мүмкіндігін анықтау және олардың талаптарын орындауды бақылау;
  - аймақ шегінде ұлттық стандарттау жұмыстарын басқару.